

Айдос Мұқатаев, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті ректорының міндетін атқарушы.

Гүлбағыш Кеменгерова,
Жобалау офисінің үйлестірушісі.

Тәрбие көзі тарихымызда

Елбасымыздың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласы мемлекеттік идеология өзегі ретінде аса маңызды үндеу болып табылады. "Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу - шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі", -деп жазды Мемлекет басшысы өзінің жаңа еңбегінде.

Қоғамдық санаға рухани сілкініс берген ұлт алдындағы мақсат-міндеттердің негізгі тұжырымдарын ерекше ой-толғауымен саралап бағамдаған жоспарлы жобаны халқымыз жылы қабылдады. Президентіміз үшінші жаңғыру үдерістерінің мақсаты мен міндеттерін нақтылай отырып, енді рухани жаңғырудың Жолдауы іспетті мақаласын жариялап, сәулесі бар саналыларды дүр сілкіндірді. Рухани үндестік жарасым тапқан мәдени-рухани құндылықтарға басым бағыт берілген осы бағдарламалық мақала жұртшылықтың жігерін қамшылады, бүгінгі жаһандану заманында жаңаша ойлауға, рухани жұтандықты болдырмауға шақырады. Елге мұра, келешек ұрпаққа үлгі-өнеге болатын ұлттық сананың кемелденуін басты назарға алған табысқа жетудің тетіктері тізбектелген бұл толғауды елім деген барша азамат қолдап, қуаттайды. Мұндағы терең ой қозғаған нақты әлеуметтік жобалар -ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтініне сеніміміз кәміл.

Елбасы өзінің мақаласында табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін атап көрсетті. Осы орайда, Қазақстанда барлық жағдай жасалған. Сапалы білім алу және зияткер ұлтты қалыптастыру үшін жастарға барлық жолдар ашық. Президент қазіргі замандағы жоғары деңгейдегі білімнің рөлін айқын белгілей отырып, оның салтанат құруының маңыздылығы туралы айтты. Өз туған жеріңе деген патриотизм, адами капиталдың саласын арттыру мен дамытуға ұмытылмас елімізді ұмытылмас елімізді отандық мәдениетті ілгерілетудің сапалы жаңа деңгейіне, әлемдік сахнаға шығаруға мүмкіндік береді.

Тәуелсіздік жылдарында еліміз өмірдің барлық саласында қарқынды даму үшін зор әлеует жинақтады, әлемдік саяси кеңістікте берік орынға ие болды. Өткен жылдарды саралай отырып, бұл кезең жүйелі білім, тәжірибе мен куш жинақтаудың, Қазақстанның одан әрі дамуын анықтайтын маңызды өзгерістерге дайындық уақыты болғанын түсінеміз. Егер бұған дейін Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев "Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік" Жолдауында елдің экономикалық, әлеуметтік, саяси дамуының бағыттарын белгілеген болса, ал рухани жаңғыру жөніндегі мақаласында Қазақстан халқының ұлттық санасының маңызды түрлендірулерін айқындады. Ұрпақтар сабақтастығы мен байланысын сақтай отырып, біз жаңа білім үшін ашық болуымыз шарт. Қазақстан халқының бірлігінің оның біртұтастығын нығайта отырып, біз менталды деңгейде жаһандық әлемнің бір бөлігіне айналуымыз керек.

Қазақ халқы өз ұрпағын "Отан отбасынан басталады" деп тәрбиелеген. Демек, отбасындағы тәрбие Отанды сүюге, туған жерді қадірлеуге, мемлекетшілдік рухқа, елдік мүддеге тәрбиелейтін болған. Яғни, отаншылдық рух туған жерге, туған елге деген махаббаттан сүйіспеншіліктен бастау алады. Мемлекет басшысы жастарды патриотизм, отансүйгіштік рухында тәрбиелеуді күшейту мақсатында ұлы дала өркениетіне өрнектеп жол салған мақаласының "Туған жер" жобасында кіндік қанымыз тамған жеріміздің, еліміздің тарихына баса көңіл аудару керектігін айтады. Бағдарламаның жастарға берері мол екендігіне кеңінен тоқталған Елбасы: "Туған жерге деген сүйіспеншілік туған елге -

Қазақстанға деген патриоттық сезімге ұласады. Ал бағдарлама жалпы ұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналады", - деген еді. Ауқымды мәселелерді қамтыған бұл жоба жалпыұлттық сипаттағы рухани жаңғырудың басты бағыттарын анықтап берді. Тағылымды туған жерге тағзым ету - біздің перзенттік парызымыз. Ұлттық тұтастықтың айнымас темірқазығы саналатын "Туған жер" жобасы патриоттық тәрбиенің басты діңгегіне айналмақ. Аталмыш жобада ұлттық дара қадір-қасиеттеріміздің жоғалмауы, олардың жаңғырып жоғарылауы сияқты мәселелер қарастырылған.

"Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс", - деп атап көрсетті өз мақаласында Елбасы. Яғни, Мемлекет басшысы жалпыұлттық деңгейдегі жоба аясында өлкетану жұмыстарын жүргізудің маңыздылығына назар аударады, соның аумағында өңірдің тарихын оқып-үйренуге, мәдени-тарихи ескерткіштер мен жерлікті жердегі мәдени нысандарды қалпына келтіру мәселелері қамтылды. Рухани сәулемен "Мәңгілік Елдің" еңсесін көтерген бұл жобаның идеясы, руханияты мен азаматтық мүддесі айқын, жауапкершілігі мод елінің болашағына еңбек ететін, елжандылық рухта қалыптасқан өскелең ұрпақты тәрбиелеуге бағытталған. Осы бағытты жүзеге асыруда білім беру жүйесі ерекше рөл атқарады. Облысымыздағы жоғары білім ошағы М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде Жобалау офисі құрылды.

Оның басты мақсаты бағдарламалық мақ-лада көрсөтілген бағыттар бойыша қолға алынатын жұмыстарды үйлестіріп, іске асыру және ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру болып табылады.

Оқу орнында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Нәзарбаевтың "Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру" бағдарламалық мақаласындағы идеяларды іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары әзірленді. Жоспарда "Туған жер" бағыты бойынша атқарылатын ауқымды жұмыстар қарастырылған. Осы бағытта Зарқын Тайшыбай, Ақмарал Ибраева, Анатолий Плешаков, Александр Никифоров сынды ғалымдар тарапынан өлкені зерттеуге арналған бірқатар ғылыми жобалар ұсынылған. Алдағы уақытта "Солтүстік Қазақстанның өлкетануы" монографиясы жарыққа шықпақ. Сондай-ақ, "Туған жерге тағзым" өлкетану экспедициясы ұйымдастырылмақ. Өңір жастарының ұлттық санасын қалыптастыру, патриотизмге тәрбиелеу, туған өлкені зерттеу мақсатында "Менің туған жерім" ғылыми жобалар байқауын ұйымдастыру да жоспарға енгізілген.

Келешекке бағдар болған "Туған жер" бағдарламасы ел татулығын нығайта түспек. Бұл жоба тиімді жүзеге асырылса, болашақта әуелі елім дейтін нағыз отаншыл ұлт-жанды, бәсекеге қабілетті ұрпақтың өсіп жетілетіні хақ. Ұлттық рухта тәрбие беру әрбір қазақстандық азаматтың еңбекқор саналы болуына әсер етері мәлім. Елім жерім үшін деген пәрменді талап-міндеттің маңыздылығы да зор, сондықтан мықты мотивациялық екіні бар жобаның болашағы баянды болары анық. Жалпыұлттық идеясы зор бұл жобаның жемісті нәтижесін көретін күн алыс емес, ол үшін еліміздің әрбір азаматы: "Мен Отаным үшін не істей аламын?"-деп терең ойлануы қажет. Өзіміздің кіші Отанымыздың - Қызылжар өңірінің тарихын білуге, құрметтеуге құштарлықпен жаңа идеялардың жұлдызды сәтін жаңғыртуға деген мықты табандылықпен алға басуымыз керек. Берекелі бірлікке бастар бағдарламаның басты мақсаты да осында. Ұлт болып ұйысса, бағынбайтын қамал алынбайтын асу жоқ. Сондықтан даңғыл жолдың дара деңгейіне дән сеуіп, азаматтық борыштарына адал болатын мүмкіндікті жіберіп алмау абзал.